

## *Мектептегі педагогикалық – психологиялық жұмыстар*

<https://cloud.mail.ru/public/7Mje/JUzKp9UMY>

**«Қаражон» шағын жинақталған жалпы орта мектептің педагог психологтарының 2021-2022 оқу жылдарындағы жұмыс нәтижелері.**

«Білім алушы, педагог қызметкер, ата ана арасында психологиялық мәдениетті қалыптастыру және жасына сәйкес психологиялық саулығын сақтау және оқушының жан дүниесін дамытуды қамтамассыз ету» мақсатында 2021-2022 оқу жылдарында педагог психологтар жылдық жоспарға сай жұмыс жасалды. Оқу жылды барысында оқушылардың жан жақты даму деңгейі зерттеліп жеке дара ерекшеліктері анықталды.

Оқушылардың қызуғушылығы мен танымдық әрекеттерін және бейімділігін анықтай отырып, оларға түрлі ұсыныстар берілді. Тиімді әдіс тәсілдер арқылы оқушылардың психологиялық саулығына ықпал ету, жеке тұлға қызуғушылығын арттыру және оның дамуындағы әр түрлі қыншылықтарды түзетуге, түзету дамыту сабактары жүргізілді.

2021-2022 оқу жылдарында қыркүйек айында «XXI ФАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АТА АНА ӨЗ БАЛАНА ҮЛГІ БОЛ».

1-11 сынып оқушыларының ата аналарына психологиялық көмек Республикалық ата аналар Конференциясы өткізілді.



Конференцияда 1 сыныпқа қабылданған оқушыларының психологиялық ерекшелігі және әр сыныптың оқушы бойындағы өзгерістер, жасөспірімдердің мінез құлқында болатын психологиялық өзгерістер, аутодеструктивті мінез құлқында ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып, ата аналарға тренингтер жүргізілді. Проблемасы бар балалар жан жақты зерттелді, оны туғызған себебі анықталып, ол оқушылардың психологиялық қасиеттерін өндөу үшін түзету дамыту жұмыстары мен тренингтер жүргізілді.

2021-2022 оқу жылдарында 1 сыныптар бойынша, мектепке қабылданған 22-оқушының мектепке бейімделу ерекшелігін байқау мақсатында Керн Йерасек тесті жүргізілді. Оқушылардың мектепке психологиялық дайындығы мен мектеп өміріне бейімделу ерекшелігін тәмендегі кестеден байқауға болады.

Конференцияда 1 сыныпқа қабылданған оқушыларының психологиялық ерекшелігі және әр сыныптың оқушы бойындағы өзгерістер, жасөспірімдердің мінез құлқында болатын психологиялық өзгерістер, аутодеструктивті мінез құлқында ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып, ата аналарға тренингтер жүргізілді. Проблемасы бар балалар жан жақты зерттелді, оны туғызған себебі анықталып, ол оқушылардың психологиялық қасиеттерін өндөу үшін түзету дамыту жұмыстары мен тренингтер жүргізілді.

2021-2022 оку жылында 1 сыныптар бойынша, мектепке қабылданған 22-окушының мектепке бейімделу ерекшелігін байқау мақсатында Керн Йерасек тесті жүргізілді. Оқушылардың мектепке психологиялық дайындығы мен мектеп өміріне бейімделу ерекшелігін төмендегі кестеден байқауға болады.

| № | Сынып | Сынып жетекші    | Толық жетілгендер | Орта жетілгендер | Төмен жетілгендер |
|---|-------|------------------|-------------------|------------------|-------------------|
| 1 | 1 «а» | Молдашева Сауле  | 74%               | 21%              | 5%                |
| 2 | 1 «ә» | Абдраманова Рима | 62%               | 33%              | 5%                |

1 сыныпқа қабылданған оқушылардың темперамент ерекшелігіне зерттеу жүргізілді.



Баланың майда нәзік қымыл әрекеттерінің қалыптасқанын және үйлесімдігін анықтау үшін «Ер адамның сүретін салу» Бір топ нұктелерді көшіріп салу, әріпперді көшіріп салу әдістемелері және оқушылардың танымдық процесін анықтау мақсатында «Бұл қашан болады», «Төрт құбылыш», «Ойыншықты синатта», «Болады-болмайды» жаттығулары жүргізілді.

Қабылдауды мен есте сақтауды баяу оқушылар анықталып, ол оқушылармен жеке жұмыстар ұйымдастырылды.


Бірінші сынып үлгерімі төмен оқушылармен түрлі психологиялық зерттеулер жүргізіліп, нәтижесі шығарылды.

Бастауыш сыныптарында балалардың отбасымен, қоршаған ортамен, туыстарымен, ата-анасымен қарым-қатынасының қандай екендігін анықтау мақсатында «Отбасы суреті» әдістемелері жүргізілді. Оқушыларға қаншалықты көңіл бөлінетіндігі мен қамқорлықтың, ата-ана тараپынан зейіннің қажет ететіндігі анықталды.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың өзара қарым – қатынасын, таным процестерін дамыту жаттығулары жүргізілді.

Бастауыш сыныптарға сабак беретін сынып жетекшілерге сауалнама мен тренинг жүргізіліп, олардың сабак үрдісінде оқушыларға жүргізілетін ес және ойлау қабілеттерін дамытуға арналған психокоррекциялық жаттығулар ұсынылды.

Ал орта буын оқушыларының темперамент типін, отбасымен қарым – қатынасы, социометрия әдісі, Психикалық ерекшеліктерін анықтау мақсатында тест жүргізілді. Сынып оқушыларының неліктен сабак үстінде тыныш немесе шулы болып отыратындығы олардың мінез-құлықтарының әр түрлі тұрақты және тұрақсыз болып келетіндігімен түсіндірледі.



9 – сынып оқушыларын ББЖМ – ға байланысты жоспар құрылып, сол жоспар барысында жұмыстар атқарылды. Оқушылардың темпераменттері анықталып, «Өз жүлдізынызды табыңыз», «Сенімділікті толтыру» медитациялары жүргізілді.

“Менің мамандығым-менің болашағым!” тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына мамандық тандауға байланысты кездесу кеші үйимдастырылды.

10 – сыныптарда оқушылардың кәсіби бағыттылығын және бейіндігін анықтау жұмыстары жүргізілді.

**Тренинг тақырыбы:** «Менің сырттағы достарым»

**Мақсаты:** оқушының өз мінезіне басшылық жасай алуын қалыптастыру; Ойын барысында қатысушы оқушылар өте бір керемет күй қешкендерін айтып бөлісіп жатты.

Тренинг барысында бірнеше сұрақтар қойылып жауаптар алынды. Сонымен қатар ұлы адамдардың ұлағатты сөздері талқыланып, түрлі жағдаяттарды талдау жүргізілді. Мысалы алғанда:

- 1.Достар арасындағы келіспеушілік.
- 2.Аға мен қарындағас арасындағы өкпе.
- 3.Ұстаз бер шекірт арасындағы киқілжің және т.б.

Бұл ойындарға бақылаудағы оқушы мен ата – анасы көбірек тартылды.

11 – сыныптарда ҰБТ- ке дайындық кезінде оқушыларға жүргізілетін психологиялық жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілді. Мектеп пен ата-ана байланысын күшету мақсатында сыныптарда тоқсан сайын өтілген ата-аналар жиналышында бастауыш, жеткіншек және жасөспірім кезеңде кездесетін ерекшеліктер туралы баяндамалар оқылды. Ата-аналарға баланың психофизиологиялық дамуы педагогикалық қызметтің басымдылығы, бала тәрбиесіндегі отбасы ролі ерекше екендігі туралы ұсыныс, кеңестер берілді. Жалпы ата-аналар жиналышында «Бүгінгі жасөспірім – ертенгі Қазақстанның болашағы» тақырыбында баяндама оқылды.



Ата-аналарға балаға көбірек көңіл бөлу, мейірімділік жөнінде тренинг барысында түсіндірілді. Аутодеструктивті мінез-құлықты оқиғалардың алдын

– алу жоспар негізінде мұғалім-оқушы-ата-ана арасында жұмыс жүргізілді.

2-4 сыныптарда кактус әдістемесі, 5-7 сыныптарда Кондаштың «Қобалжу жағдайын анықтау» әдістемесі, 8-11 сыныптарда Г. Айзенктің «Тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау» әдістемесі жүргізіліп қортындысы шығарылды. Анықталған қобалжу деңгейі жоғары оқушылардан топ құрылыш «Көңіл – күй кімге және неге байланысты», «Мен жан – жақты қайталанбайтын бейнемін» психологиялық сабактар және жаттығулар жүргізілді.

Мұғалімдермен «Оқушыларда кездесетін қындық жолдары және оларды психологиялық түрғыда шешу» тақырыбында ағарту жұмыстары жүргізілді.



Мектебімізде балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу және ұйымдастыру жұмыстарын күшету негізінде 7-27 сәуір аралығында оқушылармен диагностикалық жұмыстар атқарылды.

Суицид, суицидалды (өз-өзіне қол жұмсау) жағдайлардың алдын алу және ұйымдастыру жұмыстарын күшету және бақылау мақсатында құрылатын комиссия құрамы бүйрек бойынша бекітілді.

Жасөспірімдер арасындағы суицид, суицидалды жағдайларының алдын алу мақсатында арнайы жұмысшы тобы құрылды.

2021-2022 жылдарға арналған «суицид, суицидалды жағдайларды болдырмау мақсатында жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу» бойынша іс шара жоспары құрылды, директорға бекітілді.

13 сәуір күні Дәрігер-психологтардың қатысуымен «Мектептегі психологиялық ахуалы, оқушылар арасындағы суицидтің алдын алу» тақырыбында ағарту жұмыстары жүргізіліп, баяндама оқылды. 20 сәуір күні 5-6 сынып аралығында «Мен жанұямды сүйемін» аты тақырыбында сурет байқауы өткізілді. 27 сәуір күндері мұғалімдердің агрессиядан шығу жолдары мақсатында «Сіздің жүйке жүйеніз қандай жағдайда?» атты сауалнама жүргізілді. 8-11 сыныптардан Г. Айзенк «Тұлғаның психологиялық жағдайын

анықтау» тесті алынды . 2 сәуір күні 3-4 сыныптардан «Кактус » әдістемесі жүргізілді, мақсаты оқушылардың жеке өзінің ерекшеліктерін жағымды жәнежағымсыз мінез-құлық бітістерін тану.

| № | Қобалжу түрі                        | Саны | Пайызы |
|---|-------------------------------------|------|--------|
| 1 | Мектептік қобалжу                   | 16   | 6,37%  |
| 2 | Өзіндік бағасына байланысты қобалжу | 20   | 7,96%  |
| 3 | Тұлға аралық қобалжу                | 18   | 7,17%  |
| 4 | Жалпы саны                          | 164  | 100%   |

